



№31 (620)
7 тамыз,
2025 жыл

ЖАСТАР – БИІК БЕЛЕСТІҢ БАСТАУЫ

12 тамыз – Халықаралық жастар күні ретінде жыл сайын аталып өтеді. Қазақстанның үштен біріне жуығы жастар. Сан жағынан ғана емес, ой жағынан да серпінді күш. Ізденгіш, озық, жаңашыл, өзіне сенімді толқын қалыптасып келеді. Ғылым, технология, спорт, өнер, медиа, еріктілік, кәсіпкерлік саласында жетістікке жетіп жүрген жастардың тізімі жыл сайын артқанына көз қуанады, әрине. Жетістік бар, бірақ барлық жас тең мүмкіндікке ие ме деген сұрақ қойып, өткенге көз тастап отыруымыз керек.

Бірі халықаралық олимпиадада ел атын шығарса, екіншісі ауылдағы шағын үйде интернетке қосыла алмай, болашағына күмәнмен қарайды. Бірі стартап ашады, екіншісі жұмыс таппай, дипломын



сөмкеге салып базарда жүр. Қолдау көріп, арманын жүзеге асырып жатқандар бар, алайда көлеңкеде қалып қойғандар да аз емес. Жастар

туралы жалпылама сөйлеу оңай. Ал жеке тағдырларға, өзекті мәселелерге үнілу қиын, бірақ қажет. Биыл не де болса, жас буын үшін

жетістіктер жылы болды. Осындайда жастарға үміт артуға толық негіз бар. Бірақ ол үміттің салмағы бар екенін есте ұстаған жөн. Өйткені

жауапкершілік жүгін көтеруде бәрі болмаса да, жалтаратын жас бар. Ал биыл бүгінгі буын қай салада қандай көрсеткіш көрсетіп жетістікке жетті? Жастық жалын расымен жалынды ма? Жыл ішіндегі жас толқынның жетістігіне шолу жасап көрейік.

Бұл да бір белес

2024 жылы Афинада өткен халықаралық FIRST Global Challenge робототехника чемпионатында Қазақстан оқушылары әлем чемпиондары атанды. Осының өзі ғылымға құштар талантты жастардың жаһандық жетістігінің бір үлгісі. Сонымен бірге Қазақстан жастары 2025 жылы ғылым-білім саласында зор табыстарға қол жеткізді. 2024-2025 оқу жылында мектеп оқушылары халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми байқауларда барлығы 362 медаль жеңіп алды, оның ішінде 41 алтын, 127 күміс және 194 қола бар. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 119 медальға артық.

3

ҚАЛА КӨРКІН КЕЛТІРГЕН ШЕБЕР ҚОЛДАР

Қарапайым жұмыс күні. Қала іші әдеттегідей, өз сарынында. Ал біз «Достық үйінің» құрылыс алаңына табан тіредік. Таңғы сегіз шамасы еді, мұндағы мамандар уақытқа қарамастан жұмыс істеуде. Бірі бетонмен арпалысып, енді бірі темірмен «тілдесіп» отыр.



Бұл «Бір күн» айдары аясында құрылысшылардың күнделікті күйбең тіршілігін көзбен көру үшін ұйымдас-тырылған бір күндік сапар болды. Ал дәл осы мамандық иелері жайлы жазу-мыздың да себебі бар. Өйткені тамыз айының екінші жексенбісі – құры-лысшылар күні.

Тынысы тар алаңның тәртібі мықты екен. Нысанға кірген бетте каска берілді. Журналист болсақ та, қауіпсіздік бәріне ортақ.

Бізді алғашқы болып мердігер мекеме «Астана сервис ltd» ЖШС-ның аумақ



басшысы Бағдат Құтанов қарсы алды. «Таңертең әр маман нысанға уақытылы келіп, өз міндетіне кіріседі. Жұмыс басталар алдында техникалық қауіпсіздік тексеріледі. Бұл – міндетті процесс» деп сөзін бастады ол. Сөзі де, ісі де салмақты маманның бұл салада еңбек етіп жүргеніне 20 жылға жуықтаған. Айтуынша, жұмысшылармен тіл

табысу, биікте жұмыс істеу – ең күрделі кезеңдердің бірі. Бұл жерде әр адамның қауіпсіздігі мен тәртібі басты назарда. Мұны біз де байқадық.

Басшылықтың таңғы тексерісінен кейін әр жұмысшы өзіне тиесілі құрал-сайманын жинауға кірісті. Қауіпсіздікке арналған көзілдірік, қолғап, арнайы форма мен аяқ киім – бәрі талапқа сай. Қорғаныссыз бір қадам да жасалмайды. Қауіпсіздік – басты шарт. Нұсқаулықтан соң құрылыс алаңында тіршілік қыза түсті. Бірі арматурамен айналысса, енді бірі кірпіш қалап, үшіншісі сылаққа кірісіп кетті. 50-ден аса маманның әрқайсысы өз ісінің басында.

2



СТАЛКИНГ ҺӘМ ХАРАССМЕНТ: ҚОРЫҚПА, ҚАРСЫ ТҰР!

Кейінгі кезде Қазақстан қоғамында «сталкинг» пен «харассмент» тақырыбы жиі талқыға түсіп жүр. Бұрын көпшілік мұны жай ғана әзіл деп жылы қабылдаушы еді, ал бүгінде нақты «әлеуметтік және құқықтық проблемаға» айналды. Әлеуметтік желілердің дамуы мен онлайн-коммуникациялардың кеңеюі жағдайдың одан әрі ушығуына әкеліп соқты. Енді қудалау тек көшеде немесе жұмыс орнында ғана емес, тіпті мешіт секілді діни орындарда да орын алып жүр.

Сталкинг (қазақша – қудалау, аңду) мен харассмент (қудалау, мазалау) – жай сөздер ғана емес, олар адамның психологиялық қауіпсіздігіне, әлеуметтік өміріне және құқықтық қорғалуына тікелей әсер ететін факторлар. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, мұндай әрекеттерге тап болған адамдардың едәуір бөлігі созылмалы стресс, үрей, жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі, тіпті депрессия секілді ауыр психологиялық салдарға душар болады.

4-бетте

БІЗДІҢ БАЛА...

ӨЗ ЖОЛЫН ЕРТЕ ТАПҚАН ӨРЕНДЕР

Сол жағалауда орналасқан Оқушылар сарайына жолымыз түсіп, ондағы талантты да талапты жасөспірімдермен кездестік. Бала деген – бір әлем емес пе? Бірі қолына домбыра ұстап, күй арқылы сыр шертті. Бірі «жан бітірген» темірін көрсетті. Ал келесі оқушымыз ширақ қимылымен таңқалдырды. Міне, бүгінгінің балалары осындай.

Нағыз қазақ – домбыра

Санжар Ғабитұлы – бар болғаны 14 жаста. Бірақ қазірдің өзінде ол қазақтың киелі домбырасын жанына серік еткен жас күйші. Қаладағы №290 орта мектептің оқушысы жарты жылдан бері Оқушылар сарайында домбыра сабағына қатысып жүр. Өзінің айтуынша, өнерге деген сүйіспеншілігі бала кезінде оянған.

8-бетте



СЫР
ЖАСТАРЫН
СЕРПІЛТЕТІН
ОНКҮНДІК

3



ТІЛІМ,
СЕН ӨЛМЕШІ!

7

Басы 1-бетте



Суреттерді түсірген Нұрболат НАРЖАУБАЙ

Алдымен бірінші қабатқа бет алдық. Бұл қабаттың жобасы ерекше. Мұнда 200 орындық үлкен зал қарастырылған. Оның айналасын кеңсе бөлмелері мен ашық форматтағы жұмыс аймақтары, яғни open-спейстер қоршайды. Орталықтың ішінде 60 орындық шағын кофейня да орналасады екен. Жұмыс арасында тынығу мен бейресми кездесулерге арналған мұндай кеңістік заманауи форматтың бір үлгісі. Жертөле қабатта түрлі үйірмелерге арналған кабинеттер, күзет бөлмесі мен қоймалар орналасады. Яғни, бұл ғимарат болашақта мәдениет пен қоғамдық өмірдің тоғысқан мекеніне айналмақ.

Осы қабаттардың бірінде сылақ жұмыстары қызып жатыр екен. Қабырға түбінде тізерлеп отырған әйел кісіге көзіміз түсті. Қолындағы сайманымен сылақ жағып жүр. Жылдар бойы жинаған тәжірибеден бе екен, бізбен сөйлескенде де қолы икемді қозғала берді. Айтуынша, бір күнде шамамен 15-20 шаршы метр аумақты сылайды. Бірақ бұл сан әркімнің тәжірибесіне, қабырғаның қисығына, кедергісіне қарай өзгеріп отырады. Мұнда ештеңе асығыстықпен істелмейді. Жоспармен, есеппен, тиянақтылықпен атқарылады.

Айналаны шолып жүріп, әр буын өкілін жолықтыруға болатынын байқадық. Жас маман да бар, отызды орталағандар да, тәжірибесімен бөлісіп жүрген орта буын мамандар да жетерлік. Осы тұста бізге жолсерік болған Қызылорда

облыстық құрылыс, сәулет және қала

құрылысы басқармасының бас маманы Қуандық Искендір сөзге араласты. Әңгіме жастардың құрылысқа қызығушылығы төңірегінде өрбіді.

– Жастар әдетте көмекші ретінде жұмыс істейді. Біріне құрал алып беріп, екіншісіне тіреп ұстауға жәрдемдеседі. Мұнда жұмыс істеп жүрген мамандардың дені 30 бен 40 жас аралығындағы тәжірибелі құрылысшылар. Дегенмен салаға қызығушылық танытып, өндірістік тәжірибеге келетін студент те көп. Олар диплом алып, жас маман атанған соң «жастар практикасы» бағдарламасы арқылы да келеді, – деді ол.

Әрбір қимыл сайын қауіпсіздік ережелерінің бұл алаңда бірінші орында тұрғанын аңғардық. Аяқ астынан бастап, төбеге дейін қарап жүру – құрылыс алаңындағы жазылмаған заң. Әсіресе биікке шыққанда жан-жақтағы қозғалысты көзбен шоласың. Қолына дәнекерлеу құралын ұстаған жұмысшылар көзілдірік пен қолғаптарын киіп, өз істеріне кіріскен. Бір қарағанда, жай ғана қозғалыс сияқты. Бірақ бізге сол іс-қимылдың артында үлкен жауапкершілік жатқандай көрінді. Біз алыстан бақылап тұрғанда, нысан басшысы бұл алаңда кез келген адамның жұмыс істей бермейтінін еске салды.

– Мұнда келетіндердің басым бөлігі – тәжірибесі бар құрылысшылар. Әркім өз ісін біледі. Дипломы барлар да, арнайы курстан өткендер де бар. Мысалы, дәнекерлеуші болу

үшін тек шеберлік емес, арнайы рұқсат қағазы да қажет. Ал мына қранды жүргізу тіпті екінің бірінің қолынан келмейді. Айлық көлемі де жұмыс ауырлығына қарай есептеледі. Орташа алғанда 200-300 мың теңге шамасында, – деді ол бізге қарап.

Қауіпсіздік – бұл жерде жай ғана ереже емес, өмір сүру шарты. Әсіресе биікте жұмыс істейтіндер үшін. Мысалы, жоғарғы қабатта жұмыс істейтін жұмысшы белдік тақпаса, ескерту жасалады.

Ал талапқа бағынбай, тағы да қайталаса – айыппұл салынып, тіпті жұмыстан шеттетілуі мүмкін. Абырой болғанда, бұл нысанда мұндай тәртіп бұзушылық тіркелмеген. Себебі әр маман өз ісінің шебері.

Жауапкершілікпен қарап, тәртіпке бағына біледі.

Жоғарыда айтқанымыздай, құрылыс алаңында қол күшімен жұмыс істейтін мамандар – бетоншы, арматуршы, сылақшы, тас қалаушы, дәнекерлеуші секілді шеберлерден бөлек, ішкі ұйымдастыру ісіне жауапты инженерлік-техникалық қызметкерлер құрамы да бар. Әрқайсысының орны бөлек, міндеті нақты.

Солардың бірі – Жүсіп Мұсаулы. Күн қақ төбеге келгенде «Талонды таңертең алып келгенмін» деген дауыс естіліп, салден соң өзі де төбе көрсетті. Байқасақ, жұмыс барысын құжатпен қадағалап отыратын маман – осы кісі. Уақыт оздырмай, біз де сұрағымызды жолдадық.

– Таңертең сегізде жұмысқа келеміз. Алдымен техниканың жарамдылығын тексереміз. Содан соң жүргізушілерге дизель отыны мен бензинге талон беремін. Әрқайсысы алғанын қол қойып растайды. Бұл – техниканың қозғалысын бақылап отырудың бір жолы, – деп түсіндірді ол күнделікті тәртіпті.

Жүсіп Мұсаулының айтуынша, құрылыс алаңындағы әрбір жұмыс кезеңі – арнайы журналдарға мұқият тіркеледі. Техника қауіпсіздігі, өндірістік жұмыс кестесі, қабылдау актілері – бәрі дерлік қағазға түскен. Қандай құрылыс материалы келген, қанша көлемде пайдаланылған, бетон қай күні, қай сағатта құйылған – осының бәрі тіркеуге алынып, есептеліп отырады.

Шаңқай түс кезі. Нысанның шетіндегі дүңгіршектен буы бұрқырап астың иісі шықты. Міне, осылайша сағат тілі үзіліс уақытын, яғни 12.00-ді көрсетті. Қызу жұмыс бір уақта басылды. Аспаздың да графигі, арнайы ас мәзірі бар екен. Ауыр еңбек жасаған адамға жеңіл ас ұсыну – ауыр жаза демей не? Сондықтан асханада әзірленетін тағам да нәрлі болуы шарт. Үзіліс 14.00-ге дейін жалғасты. Жақсылап әлденіп алған әр маман өз жұмысына білек сыбана кірісіп кетті.

Жоғарыға қарасаң ашық аспанмен ұштасқан жұмысшыларды көресің. Үшінші қабаттың плитасын жабуға дайындап жатыр. Міне, жұмыстағы ең қиыны да осы монолит екен. Нысан басында жүріп, жұмыстың әр сәтіне куә бола отырып, біз де осының қиындығын сезінгендей болдық. Бетон дәл уақытында құйылып, өз мерзімінде кебуі тиіс. Бұл процестің салғырттықты көтермейтіні бірден байқалады. Жеті күн сайын арнайы құрылғы арқылы тексеріліп, сынамалар алынады. Ал 28 күнде тағы бір толыққанды бақылау жүреді. Бұл – ереже. Ал ең маңыздысы бетонды бір-екі сағат тосып қоюға болмайды. Қандай температурада жеткізілсе, дәл сол калыпта бірден құйылуы шарт. Себебі осы бір сәттік шешімнің өзі болашақ ғимараттың сапасына әсер етеді.

Осы арада бас маман Қуандық Жомартұлымен «Достық үйі» жайлы әңгіме өрбіттік.

– Ғимараттың сырты әйнекпен толық қапталады. Құрылыс заттары түгел отандық өнім. Көп бөлігі Алматыдан алынады. Жұмыс барысы кестеге сәйкес, тіпті асып келе жатыр. Рұқсат құжаттары 11 сәуірде алынып, жұмыс сол кезеңде басталды. Жоспар бойынша нормативтік мерзімі – 10 ай. Бірақ келесі жылға өтпей, биыл жыл соңына дейін өткізу жоспарда бар. Ғимарат ашылғаннан кейін үлкен көрмелер, түрлі жиын, концерттік іс-шаралар өтеді, – деді ол.

Байқағанымыздай, құрылыстағы әр сәт үлкен бақылаудан өтеді. Таңертең басталған жұмыс, кеш батқанға дейін тұрақты тексеріледі. Бекітілген бақылаушы мамандар бар. Сонымен қатар тапсырыс беруші тарап та мониторинг жүргізеді. Олар да белгілі уақыт аралығында құрылыс барысын тексеріп, жоспарға сай орындалып жатқанын бағамдайды. Бұл – құрылыс сапасын қамтамасыз ететін қос тетік.

Құрылыс алаңында жүрген әр адамның өз орны, өз міндеті бар. Мұнда әмбебаптық емес, нақты мамандану маңызды. Себебі мұнда қателік кешірілмейді. Шынында да, құрылыс – тек қол күші емес, дәлдік пен жауапкершілікке сүйенетін сала. Ал ондай жүйеде әркім өз ісін жетік меңгергенде ғана нәтиже сапалы болады.

Күн еңкейіп, аланды қуаң жел сипай бастағанда құрылыс алаңындағы қарбалас та саябырсы түсті. Сағат тілі 19:00-ге таяғанда әр маман қолындағы құрал-сайманын жинап, бүгінгі еңбектің нүктесін қойып жатты. Тас пен темірдің арасында жүрген жандардың бет-әлпетінен шаршау білінді.

Міне, құрылыстағы бір күн осылай өтті. Бір сәт жандарында жүріп, бақылағанның өзінде бұл саланың маңызы мен қиындығын түсінгендей болдық. Ал өмірін осы бағытқа арнаған мамандар күнделікті шаң мен тастың ортасында жүреді. Ертең бұл алаң тағы да қайнаған тірлікке толады. Тағы да шеге қағылып, кірпіш қаланып, бетон құйылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын жүзеге асыру аясында Қазақстанда заңсыз шетелге шығарылған активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік нысандар салу жұмыстары жалғасып жатыр. Арнаулы мемлекеттік қордан Қызылорда облысындағы денсаулық сақтау саласындағы бірқатар жобаға шамамен 7 миллиард теңге бөлінді.

ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРЕДІ



Бұл қаражат Арал, Қазалы, Шиелі және Жанақорған аудандарындағы орталық аудандық ауруханалар жанынан жаңа ғимараттар салуға бағытталған. Онда инсульт орталықтары, рентгенхирургия бөлімшелері және басқа да бейінді бөлімдер ашылып, заманауи медициналық жабдықтар, мысалы магниттік-резонанстық

томография, компьютерлік томография және ангиографиялық қондырғылар орнатылады.

Жобалар жүзеге асқан соң, ауылдық жерлердегі 300 мыңнан астам тұрғын мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізеді. Ал нысандарды биыл пайдалануға беру жоспарланған.

ЖАЛЫН ОТТЫҢ ЖАНЫНА ЖАҚЫНДАҒАН ЖАСТАР

Бүгінде жастарды жұмысшы мамандықтарға баулу – еңбек нарығындағы басты талаптардың бірі. Қалалық жастар ресурстық орталығы мен «Қызылорда облысының жастар Одақтары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жүзеге асып жатқан «Jastar X» алаңы да кәсіптің қыр-сырын таныстырып, жастарға еңбекпен жақын танысуға мүмкіндік береді. Осы орайда бір топ жас Qyzylorda Vo-gota дәнекерлеу цехіне жол тартты.

Танымды кездесуде дәнекерлеу цехінің маманы, тәжірибелі дәнекерлеуші Әділет Болатбекұлы жастармен ашық әрі еркін форматта сұхбат жүргізіп, өзінің кәсіби жолы туралы кеңінен әңгімелеп берді. Мамандыққа деген сүйіспеншілік, шыдамдылық пен табандылық – сәтті еңбек жолының кілті екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар осы салада тәжірибе жинақтауға және тұрақты түрде еңбек етуге шақырды.

Мұндай шаралар жастарға мамандық туралы түсінік беріп қана қоймай, өз қабілетіне сай бағыт таңдауға да серпін береді. Кәсіптік білім мен қол еңбегін дәріптеудің мұндай тәсілі – қоғамдағы еңбек құндылықтарын қайта бағамдауға жол ашады.



Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта өзге де жұмысшы мамандықтарын насихаттау жұмыстары жалғасады. Жастарды адал еңбекке баулу, кәсіби таңдауға бағыт беру – болашақ ұрпақтың өз жолын адаспай табуына үлкен мүмкіндік. Ал мұндай жобалар – сол жолдағы маңызды көпір.

Бетті әзірлеген Әлия ТӘЖІБАЙ

Басы 1-бетте

ЖАСТАР – БИІК БЕЛЕСТІҢ БАСТАУЫ



Білім министрлігінің айтуынша, биыл халықаралық олимпиадаға қатысқан әр екінші оқушы жүлдемен оралған. Қазақ жастары халықаралық химия олимпиадасында командалық бас жүлде алып, робототехникадан әлем чемпионы атанды. Мысалы, былтыр қазақстандық команда «FIRST Global Challenge» жарысында үшінші рет әлем чемпионы болды. Тіпті ауыл мектептерінің балалары да үздік нәтиже көрсете бастаған еді. Оның ішінде, Түркістан Облысы Қазығұрт ауданындағы шағын ауыл командасы Грекияда өткен STEM олимпиадасынан екі бірдей қола жүлде алып қайтты. Тіпті жеке жетістіктер де аз емес. Шығысқазақстандық Әлдияр Амангелді халықаралық Әл-Хорезми олимпиадасында «үздік программист» атанып, алтын медаль еншілессе, маңғыстаулық Рамазан Бұғантаев Азия-Тынық мұхиты лингвистика олимпиадасының абсолютті жеңімпазы болды. Талантты қазақ жастары физика, химия, информатика сияқты күрделі салаларда әлемге танылып келеді.

Қызылорда облысының өзі дарынды өрендерден кенде емес. 2023 жылы қызылордалық 9 сынып оқушысы Мансұр Мамадахунов Еуропалық жасөспірімдер информатика олимпиадасында алтын медаль иеленіп, 24 елдің оқушылары арасынан топ жарды. Білімге құштар, ғылымға жаңалықпен келген жастар Қазақстанның мерейін асырып, үлкен үміт шоғын жағуда. Спорт жеңістеріне шолу жасасақ, биыл жас спортшылар да толағай табыс әкелді. Астанада өткен Азия жастар және жасөспірімдер ауыр атлетика чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орын алып, 7 алтын, 4 күміс, 6 қола медаль жеңіп алды. Талантты ауыр атлет Алихан Аскербай жарыста үш әлемдік және үш азиялық рекорд орнатып, ел мерейін өсірді. Сондай-ақ үстел теннисі, күрес, бокс сияқты дәстүрлі спорт түрлерінде де өрендеріміз Азия мен әлем ареналарында олжа салып жүр.

Шілде айында Алматыда өткен «WTT Youth Contender» халықаралық турнирінде қазақстандық оқушылар 2 күміс, 5 қола медаль иеленді. Олардың қатарында небәрі 11 жастағы қызылордалық Аделя Әлжанова да бар. Ол өз жас санатында қола жүлде жеңіп, үлкен спорттағы жолын бастады. Жас спортшылар арасынан бокстан, күрестен әлем чемпиондары шығып, ел намысын абыроймен қорғауда. Мәселен, жақында ғана бокстан әлем біріншілігінде күміс медаль алған қызылордалық жас боксшы Қамшыбек Қоңқабаевты ел ерекше ықыласпен қарсы алды. Осы секілді спорттағы табыстар жас ұрпақты жігерлендіріп, салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етіп отыр.

Айта берсек, көп. Долада дөп түскендердің жетістігін онсыз да қуанышпен ақпараттандырып жүрміз. Дегенмен, мұндайда жастардың жігері жаситын кезі де болады. Осы тұрасында аз-кем айта өтсек.

Тынысы тарылып тұрған тақырып

Жас буынның көңіл күйі бүгін бәрінен маңызды болып кетті ғой. Соңғы жылдары жастар арасында күйзеліс, жалғыздық, торығу, мазасыздық, өмірдің мәнін жоғалту секілді мәселелердің жиілеп кеткені туралы тек психологтар емес, мұғалімдер де, ата-аналар да жиі айтып жүр. Күнделікті өмірде мұны байқамай өтіп кету де мүмкін емес. Бір қарағанда, барлығы жайдары көрінетін жастың ішкі жан әлемі алай-дүлей болып шығуы әбден мүмкін. Жағдайға тереңірек үңілген сайын бұл проблема ойдан шығарылған нәрсе емес екеніне анық көз жетеді.

2022 жылы Қазақстанда 2179 адам

өз-өзіне қол салған деген дерек бар. Суицид көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 17,6 деңгейінде екен. Бұл дегеніміз – көрші Өзбекстан мен Қырғызстандағы көрсеткіштен екі есе жоғары. Ең сорақысы бұл санның басым бөлігі жасөспірімдер мен жастардың үлесіне тиесілі. Мамандар көптеген жас аса ауыр күйзеліс пен депрессияны үнсіз өткереді деп дабыл қағуда. Ал оның белгілері туыстары мен ұстаздарының көзіне түссе де, дер кезінде көмек көрсетілмейді. Себебі көпшілік әлі күнге дейін психологиялық жәрдемді әлсіздік деп қабылдайды. Көптеген бала мен жас буын интернеттегі жасанды идеалдармен өз өмірін салыстырып, өзіне деген сенімін жоғалтып алады. Әсіресе «Instagram», «TikTok» секілді платформалардағы «барлығы жақсы» образдары жастарға қысым болып тұсуде. Оқу, мансап, отбасылық жауапкершілік, қоғамның үміті, ата-ананың арманы – барлығы бір мезетте жас нысқа жүктеледі. Кейбірі осы салмақтан басын көтере алмай, тұйықталып, түңіліп, тіпті өмірмен қоштасып жатады. Бұл бір ғана адамның қасіреті емес, тұтас қоғамның жоғалтқан болашағы десек, қате емес.

Қызылорда облысында бірнеше жыл бұрын болған қайғылы жағдайлардан кейін жергілікті билік пен білім басқармасы арнайы бағдарламалар дайындауға мәжбүр болды. Соның бірі – мектептер мен колледждерде штаттық психологтарды көбейту, тренингтер мен ашық сабақтар өткізу. Сондай-ақ Bilim Foundation қорының бастамасымен бірнеше аймақта жастар арасындағы суицидтің алдын алу жобалары жүзеге асып, кей өңірлерде нәтижесі де көріне бастады. Мысалы, Қызылорда, Ақмола, Ақтөбе және Атырау облыстарында суицид көрсеткіші 50 пайызға дейін азайған. Статистика осылай дейді. Бұрын психологқа бару ұят саналса, қазір жағдай өзгеріп келеді. Студенттер мен мектеп оқушылары арасында психотерапияны қалыпты дүние деп қабылдайтындар көбейді. Жастар енді өз ішкі дағдарысын жасырудың емес, оны шешудің жолын іздеуге тырыса бастады. Бұның үміт екенін байқаймыз.

Дегенмен, жол ұзақ. Әлі де көптеген мектепте арнайы маман жетіспейді, ата-аналар бала психикасына жеңіл-желпі қарайтынын жасырмау керек. Сондықтан қоғам болып жастардың ішкі әлеміне көңіл бөлмейінше, сыртқы даму туралы айту артық. Психологиялық саулықтың ұлттық деңгейде көңіл бөліп, қолға алу керек мәселе екенін осыдан түсінген боларсыз.

Мұны да айта өткен жөн

Жас буынның қазіргі күйін түсіну үшін психологиялық ахуалдан бөлек, әлеуметтік негіздерді де ұмытпау қажет. Алдымен баспана. Үйсіздік жастар үшін тек тұрмыстық мәселе емес, өмірді жоспарлауға тосқауыл болатын түйінге айналғаны қашан. Әлеуметтік зерттеулерге сенсек, 18-35 жас аралығындағы 1,3 миллионнан астам қазақстандық жеке тұрғын үйге мұқтаж. Алматы қаласында жастардың тек 14 пайызының ғана өз баспанасы бар. Қалғаны пәтер жалдап тұрады не туыстарының үйінде күн көреді. Үйі жоқ жас отбасылар бала сүйгісі келмей, тұрақтылық сезінбей, өмірді кейінге ысырып жүр. Қымбат ипотека, жетпейтін жалақы, банктердің талабы сияқты мәселелер олардың қаржылық тәуелсіздігіне кедергі. Жеңілдетілген бағдарламалар бар болғанымен, сұранысқа қарағанда көлемі аз. Үміт көп дейміз-ау, бірақ мүмкіндік аз.

Осыдан кейін ұшы көрінетін тағы бір мәселе бар. Ол – жастар арасындағы жасырын жұмыссыздық пен NEET феномені. Ресми дерекке сүйенсек, елімізде 15-34 жас аралығындағы 400 мыңнан астам

адам не оқымайды, не жұмыс істемейді, не іс-тәжірибе үшін әлеуетін сынап көруге ниетсіз. Әсіресе ауыл мен аудандарда мүмкіндіктердің тапшылығы басты себеп болады. Алматы, Астана, Шымкент секілді ірі қалалар жастарды тартып әкетіп жатыр, ал шағын өңірлерде бос жұмыс орны да, кәсіби өсу жолы да шектеулі екенін жасырмасақ та, көзге ұрып тұрған жоқ па?! Кейбірі диплом алғанымен мамандығы бойынша жұмыс таба алмай, жоғары айлыққа жете алмай қиналады. Жастарға арналған арнайы бағдарламалардың айлығы шайлығына жетпейтініне наразы. Зейнетақы жарнасы жоқ, еңбек өтілі саналмайды. Статистикада жоқ, бірақ өмірде бар мыңдаған жас дәл осылай жүйеден тыс қалып қойып отыр. Оны биліктерілер білсе де, бірдеңе дей қоюға әлсіз. Хош дейік. Мұнан да қиынын айтайық, әлеуметтік теңсіздіктің ең ауыры – мүмкіндігі шектеулі жастардың шеттетілуі. Ресми есеп бойынша елде 690 мыңнан астам мүгедек адам тіркелген. Олардың жартысынан көбі еңбекке қабілетті жаста. Бірақ жұмыс берушілердің көпшілігі мұндай азаматтарға сенім артпайды. Тіпті олардың қолайлы өмір сүруіне қала инфрақұрылымдары да толық бейімделмеген. Жоғары оқу орындары мен колледждерде инклюзивті білім беру жүйесі қағаз жүзінде ғана бар. Ал өмірде олардың жолы жиі тосылып, ортадан шеттеп қалады. Ерекше жастардың да арманы бар, қабілеті жетеді, бірақ қолдау жеткіліксіз. Бұл тек мемлекеттің емес, қоғамның да көзқарасына байланысты. Көзқарас өзгермей, орта түзелмейді. Ал орта түзелмей, мүгедектігі бар жастар толыққанды өмір сүре алмайды.

Жастар қоғамның ең әлеуетті әрі қозғаушы күші екені сөзсіз. 2025 жылдағы жетістіктер мен кедергілерге үңілгенде, қазақ жастарының білім, ғылым, спорт, өнер, медиа және қоғамдық белсенділік салаларында жоғары табыстарға жетіп жатқаны қуантады. Жаһандық деңгейде мойындалып жатқан жаңа буын қалыптасып келе жатқанына да бек қуаныштымыз. Олар тек армандап қоймай, сол арманға жетудің жолын нақты әрекетпен көрсетуде. Дегенмен бір жағында биікке шыққандар болса, екінші жағында көлеңкеде қалып, өз орнын таппай жүрген жастар аз емес. Тең мүмкіндік пен жүйелі қолдау барлығына бірдей жетпесе, ел ішіндегі үміт пен сенім қабаттасқан алаңдаушылық арта беретініне сенімдіміз. Осы тұста, жұмыс және баспана мәселесінде де нақты серпін қажет. Кәсіп ашуға қолжетімді несие, тұрақты жұмыс орындары, жалдамалы және қолжетімді ипотекалық баспаналар жас буынға сенімділік сыйлайды. Әлеуметтік осал топтар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жастар, NEET санатындағы жастар да назардан тыс қалмауы тиіс. Жүйелі оқыту, менторлық жобалар, психологиялық көмек, буллинг пен әлеуметтік қысымға қарсы шаралар қауіптің алдын алатын тиімді механизмдерге айналуы қажет. Ал Z буынының саяси, қоғамдық шешімдерге тікелей қатысуы – ел дамуын жеделдететін тың көзқарас көзі. Жастар саясаты форумдармен емес, нақты жобалармен өлшенуі керек дегенді түсінген боларсыз.

Иә, жас буын жетістікке жетсін. Тіпті әлем мойындайтындай биікке көтерілсін. Бірақ ел ішінде сол буынға лайықты жағдай жасалмаса, яғни баспанамен, біліммен, жұмыс мүмкіндігімен, өмір сүруге қолайлы орта ұсынбасақ, ең қабілетті, ең сенімді өкілдер өзге елден бақ іздейді. Сонда шетелге кететіндер – ең үздіктер, ал елде қалатындар – сенімсіз сөніп, мүмкіндігі шектелгендер ғана болып қалу қаупі туындайды. Мұндай үрдіс жалғаса берсе, ұлттық әлеуеттің шынайы өзегі сыртқа ауысып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті жастарды тек мақтап қоймай, нақты әрекетпен қолдау бүгінгі қоғам алдындағы басты жауапкершілік. Жастарды болашағымыз десек, үміт пен жауапкершілік бастап жүруі тиіс. Үміт алға жетелейді, ал жауапкершілік соған жетуге міндеттейді. Жас буынның өзі де қарап қалмай, белсенділік танытып келеді. Қазірдің өзінде қоғам игілігі үшін жұмыс істеп жатқан, жаңашыл ой қозғаған, батыл бастама көтерген жастар бар. Мемлекет сол энергияны дер кезінде танып, бағыттап, демеп отырса, алынбайтын асу жоқ. 12 тамызды – мереке ғана емес, үлкен мүмкіндік есебінде көтеріп, көтерген мәселеміз осы. Сол мүмкіндікті елге сенетін, ел үшін еңбек ететін, елде қалғысы келетін жастарға ұсыну – парызымыз. Айтар дүние аз емес, дегенмен, естітін құлаққа осының өзі біраз дүние.

Ердаулет СӨРСЕНҰЛЫ,
тілші

Тамыздың алғашқы күндері Сыр өңірін жас толқынның шат күлкісі мен игі істердің қарқыны тербемек. Себебі биылғы Халықаралық жастар күні қарсаңында облыс жастары онкүндік мерекелік шараларды бастайды. Әр күннің өзіндік тақырыбы бар, әр іс-шара жасампаздық пен ізгілікті дәріптейді. Бұл туралы облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Руслан Каюпов пен облыстық жастар орталығының директоры Әліби Басаров өңірлік БАҚ өкілдеріне өткізген брифингте баяндап берді.

СЫР ЖАСТАРЫН СЕРПІЛТЕТІН ОНКҮНДІК



Алғашқы күн – тазалық пен табиғатқа тағзымға арналды. Саябақтар мен өзен-көл жағалауларын қоқыстан тазартып, тарихи орындарды жаңаша келбетке келтіруге белсене кіріскен жастар «Jasyl Marafon 25» эко-турниріне қатысып, туған өлкенің сұлулығын сақтаудың нағыз үлгісін көрсетті. Келесі күндері денсаулық пен білімге, еріктілік пен адал еңбекке құрылған мазмұнды шаралар жалғасын табады. Әсіресе 12 тамызда өтетін қорытынды Open Air кеште жастардың сүйікті тобына айналған, қаламызды әндерімен танымал етіп жүрген «belluci» дуэті мерекенің шырайын келтіреді деп күтілуде.

Онкүндік аясында күн сайын белгілі бір тақырыпқа негізделген іс-шаралар өткізіледі. Атап айтқанда, «Жастар және тазалық», «Жастар және денсаулық», «Жастар және білім», «Жастар және еріктілік», «Жастар және заң мен тәртіп», «Жастар және адал еңбек», «Жастар және достық», «Жастар және Абай», «Жастар және дәстүр» бағыттары бойынша түрлі мазмұндағы жұмыстар жүргізіледі. Бұл шаралар арқылы жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына, экологиялық, мәдени, құқықтық және рухани мәселелерге деген көзқарасын қалыптастыру көзделіп отыр. Мәселен, сенбілік акцияларынан бастап, зияткерлік ойындар, кітап оқу марафондары, қан тапсыру бастамалары, ұлттық алаңдылықтарға негізделген мәдени кездесулер, өнер байқаулары мен жастарға арналған ашық диалог алаңдары ұйымдастырылады. Шаралар жастардың қабілетін шыңдауға, пікірін еркін білдіруге және белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы бұл онкүндік – жастарға арналған іргелі жобалардың бірі. Жастар саясатын іске асыруда әр сала бойынша нақты қадамдар жасалып келеді. Осы онкүндікті ұйымдастыруда облыс әкімдігімен қатар барлық басқармалар мен аудан, қала әкімдіктері жұмыла жұмыс жүргізеді. Барлығы 200-ге жуық іс-шара өткізіліп, тікелей және жанама түрде 50 мыңға жуық жас қамтылмақ. Бұл – жастардың әлеуетін дамыту мен қолдауға бағытталған ауқымды әрі мазмұнды бастама, – деді Руслан Мұхамедәліұлы.

Жастар мерекесінің тағы

бір қыры – ұлттық құндылық пен рухани дамуы ұлықтау. 10 тамыз – Абай күні қарсаңында ақын өлеңдері мен қара сөздері жаңа тыныс алады, ал 11 тамызда отбасы мен дәстүрді дәріптейтін тағылымды кездесулер өтеді.

– Жастардың әлеуетін дамыту – өңірдің басты басымдықтарының бірі. Қазіргі таңда біз жастардың білім, денсаулық, мәдениет, спорт және құқықтық сауаттылық салаларындағы белсенділігін арттыруға ерекше назар аударудамыз. Онкүндік аясында өткізілетін шаралар жастарға өздерін толық танытуға, кәсіби және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, қоғамдық өмірге араласуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл шаралар жастардың патриоттық сезімін күшейтіп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Біз жастардың әрбір бастамасын қолдап, олардың дамуына барлық жағдайды жасауға ұмтыламыз. Өңірде жастарға арналған инфрақұрылым үздіксіз жетілдіріліп келеді, бұл өз кезегінде олардың болашаққа сеніммен қарауына және елдің дамуына үлес қосуына септігін тигізеді, – дейді облыстық жастар орталығының директоры Әліби Төлепбергенұлы.

Өңірде кейінгі жылдары жастарға арналған жобалардың қарқыны бәсеңдеген емес. «Сыр жастары» тұрғын үй бағдарламасы аясында жүз жас отбасы қоныс тойын тойлады, ал жуырда облыстық бюджеттен қаржыландырылған жаңа кезек басталмақ. «Сыр жұлдыздары» академиясынан бастап «Qyzlorda Arena» спорт кешеніне дейінгі жаңа әлеуметтік нысандар – осы мерекенің нақты жемісі.

Мерекелік онкүндіктің ауқымын арттыру мақсатында шараларды ұйымдастыру ісіне тек аймақтық жастар орталығы ғана емес, сонымен бірге «АМАНАТ» партиясының жанындағы «Жастар рухы» жастар қанаты да белсене аталыспақ. Оған қоса республикадағы беделді жастар ұйымдары – «Студенттер альянсы» мен облыстық волонтерлар офисі де серіктес болып, барлық бастамалар ортақ үйлесімде жүзеге асырылады. Осылайша жастардың күш-қуатын біріктірген бірегей ынтымақ алаңы қалыптасып, әрбір іс-шараның мазмұны мен әсері еселене түспек.

Қорлан САРЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Қазақстанда бұл мәселе өзекті бола бастағанымен, оған деген қоғамдық көзқарас әлі де екіұдай. Бір тарап «бұл – жеке адамның сезімталдығына байланысты дүние» десе, екінші тарап мұны құқықтық тұрғыдан реттелуі тиіс қоғамдық қауіп деп бағалайды. Қуаныштысы да осы: тақырыптың жиі талқылануы қоғамдағы мәдени трансформацияның басталғанын көрсетіп отыр. Енді адамдар өздерінің қауіпсіздігі мен жеке шекарасын қорғау құқығы жайлы ашық айтуға бейімделіп келеді.

Елімізде stalking пен харассментке қатысты арыз жыл сайын артпаса кеміп жатқан жоқты. Бірақ іс қозғалып, әділет салтанат құрғаны некен-саяқ. Себебі шағымдану – ерлікке паранпар. Тек полицияға бару емес, өзіңнің жаранды жалаңаштап, сын көзбен жейтін жұртқа төтеп беру.

Статистика не дейді? Әр екінші әйел өмірінде кем дегенде бір рет қудалауға ұшырайды. Бірақ олардың үнін ешкім естімейді, мүмкін естігісі жоқ. Себебі ұят пен үрей, кінә мен қорқыныш үрейлендіреді. Ал қоғам ше? Ол әдетінше «жабулы қазан жабулы күйінде қалсын» деп, көзін жұмға бейім.

гандарынан көмек сұраудан ұялмаңыз. Ұялу – жәбірлеушінің қаруы, ал үнсіздікпен мәселені шешу екіталай.

Мұндай зорлықтың құрбаны болған адам әуелі үнемі бақылауда жүргендей сезінеді. Жай сөзбен айтқанда, еркін жүріп-тұруы, ашық ойлау қабілеті тежеледі. Көп жағдайда бұл адамдар ұйқысыздыққа, созылмалы күйзеліске ұшырайды. Өзін үнемі кінәлі сезініп, сенімін жоғалтып, тұлғалық шекаралары мүлде қағажу қалады.

Неге жәбірленуші өзін кінәлі сезінеді? Өйткені қоғамның пікірі оған дәл соны айтып тұратын іспетті. «Өзі себеп болды», «тым ашық киінген», «бас тартпады» деген сөздер – виктимблейминг деп аталатын қауіпті құбылыс. Бұл көзқарас жәбір көрсеткен адамды емес, жәбір көрген адамды айыптайды. Ал бұл – зорлық-зомбылықтың үндемей күшеюіне жол ашатын өте улы механизм.

Қоғам stalking пен харассментті көбіне «жай әзіл», «еркеліктің белгісі», «қызға көңіл білдіру» деп жеңіл қабылдайды. Бұл – аса қауіпті қате ұстаным. Өйткені мұндай риторика:

- жәбір көрсетушіні жазадан құтқарып,
- жәбір көрген адамды қорғаусыз қалдырып,
- кейінгілерді үндемеуге үйретеді.

әйел – тәрбиелі, ал үн қатқан әйел – арсыз саналатын түсінік бар. Десе де кей қыздар үнсіздікті емес, даусын қорған етіп жатыр. Ақтөбелік Эммануэлла Наурызбаеваның оқиғасы – соның дәлелі.

Желіде тараған видеода бойжеткен өзін бір ер адамның мешіттен шығармай, «бір реттік неке» арқылы интимдік қатынасқа түсуге үгіттегенін айтып, мәселені жария етті. Кейін ол мешітке де, тиісті органдарға да шағымданған. Полиция болса тек профилактикалық әңгіме жүргізіп, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша хаттама толтырумен шектелген. Неге? Себебі жәбірлеушінің «сары анықтамасы» бар екенін және арнайы есепте тұрғаны анықталды. Яғни ол зиян келтірсе де, заң жүзінде толық жауапқа тартылмайды.

Оқиға мұнымен бітпеді. Эммануэлла кейін Алматыда тағы бір бейтаныс ер адамның көшеде соңынан түсіп, мешіттегі жағдай үшін «исламды қаралап жүрсің», «шайтансың» деп тіл тигізгенін мәлімдеді. Қыз ер адамды видеоға түсірмек болғанда ол қашып кеткен. Бұл жолы да жәбірленуші полицияға жүгінуге мәжбүр болды.

Әлеуметтік желіні қолданушылардың пікірі екіге бөлінді. Қызды қорғаудың орнына мін таққандар да, ақылға шақырып, мәселені қоғамдық

емес, әйелдердің өзі. Бұл – мезогиния, яғни, әйелді әйелдің өзі айыптайтын, жәбір көрсетуді қалыпты санайтын қауіпті көзқарас. Жығылғанға жұдырық дерсің...

Осындай пікірлер харассер үшін бағдаршамның жасыл шамы, стalker үшін ашық «рұқсат қағазы» секілді көрінеді. Ал көленкеден қорқып, күн іздеп жүрген бойжеткенді «қыз тым көрікті болған», «өзінен ғой» деп жазғырып отырғанда, біреудің тағдыры тозаққа айналып жатқанын аңғармаймыз.

ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

Қазақстанда stalking пен харассментке қатысты құқықтық база енді дегенде қалыптасып келеді. «Жыныстық сипаттағы қудалау» деген анықтама тек 2020 жылдан бастап пайда болды. Бірақ ол да қылмыс емес, әкімшілік құқықбұзушылық ретінде ғана қаралады. 2023 жылдың желтоқсанында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнаманы күшейтумен қатар, еңбек қатынастары саласын да жетілдіруді тапсырды. Мемлекет басшысы жұмыс орнындағы жыныстық қудалауды түбегейлі жою үшін нақты

СТАЛКИНГ ҒӘМ ХАРАССМЕНТ:

ҚОРЫҚПА, ҚАРСЫ ТҰР!



ПСИХОЛОГ НЕ ДЕЙДІ?

Stalking пен харассменттің түр-түрі бар. Оларды көп жағдайда адамдар байқай тұра, қалыпты құбылыс ретінде қабылдайды.

Stalking белгілеріне үнемі аңду, әлеуметтік желілерден бақылау, қайда жүргенін біліп отыруға тырысу, себепсіз хабарласу немесе хабарлама жіберу, жұмыс орнына, үйіне кенеттен келу жатады. Ал харассментті орынсыз әзілдер мен екіұшты ишаралар, денеге рұқсатсыз қол тигізу, «жұмысқа тұру үшін», «көтерілу үшін» қысым көрсету, психологиялық қысым немесе қорқыту арқылы аңғаруға болады.

Мұның бәрі біртіндеп адамның жеке шекарасын бұзады, ал шекара бұзылған жерде қауіпсіздік сезімі де жоғалады. Ал психологиялық әсерін айтпасақ та белгілі шығар.

– Stalking пен харассмент – адамның келісімінсіз, оны ыңғайсыз күйге түсіретін әрекеттердің жиынтығы. Бұл әуелі ұсақ, байқалмайтын қимылдардан басталып, бірте-бірте адамның ішкі шекарасын бұзады. Егер мұндай әрекеттер жүйелі түрде қайталанса, адамның тыныштығына қол сұғып, уайым мен үрей тудырса, еркіндігін шектеп, қорқыныш сезімін оятса, онда бұл психологиялық зорлық-зомбылықтың нақты көрінісіне айналады. Яғни адам айналасында қауіп төндіретін біреу бар екенін іштей сезіп, үнемі күдік пен мазасыздыққа өмір сүреді. Бұл жай ғана «әзіл» емес, бұл – зорлықтың елеусіз, бірақ өте ауыр түрі.

Адам өзінің ішкі шекарасын сезіну үшін үлкен психологиялық білімнің қажеті жоқ. Ішкі жайлылық сезімі – адамның табиғи компасы. Егер біреудің әрекетінен қорқыныш, ашу, тітіркену, мазасыздық пайда болса, бұл сіздің шекараңыз бұзылып жатқанын білдіреді. Сол сәтте-ақ «тоқта!» деп айтуға құқығыңыз бар. «Маған бұл ұнамайды», «Мені мазаламаңыз» деу дәрежілік емес, бұл – өзіңізді қорғау. Егер жағдай қайталанса, нақты шекара қойып, қарым-қатынасты үзген абзал. Ал қауіптің салмағы ауырлай бастаса, жақын адамдардан, маманнан, тіпті құқық қорғау ор-

Не істеу керек? Біріншіден, мектеп қабырғасынан бастап балаларға жеке кеңістік, келісім, қарым-қатынас әдебі туралы білім берілуі тиіс. Жәбір көргендерді тыңдап, айыптамай, керісінше қолдау көрсету қажет. Әрбір адам заң алдындағы жауапкершілікті сезінетіндей орта қалыптастыруымыз керек. Ал журналистер мен блогерлер – қоғамдағы пікір көшбасшылары. Олар бұл мәселені жабуға емес, ашуға, жоққа шығаруға емес, мойындауға күш салуы тиіс.

Stalking пен харассмент қыздардың мәселесі емес, бұл қоғамның, ертеңгі болашақтың мәселесі, – дейді балалар және жасөспірімдер психологы Арайлым Көпжасар.

СЕНІҢ АШЫП АЙТҚАНЫҢ – ҰЯТ ЕМЕС!

Мәселені ашық айту – екінші бірінің қолынан келетін ерлік емес. Әсіресе қыз-келіншектер үшін. Өйткені шекара бұзылған сәтті жариялау жараның аузын қайта тырнау, тағы да сол ауыр күйге қайта оралу, сол сәт флешбэктерін көз алдына елестету. Ал біздің қоғамда әлі күнге дейін үндемеген

деңгейде көтеруді талап еткендер де бар. Өрине бұл жайт «Салтанат заңы» секілді қолға алынса жақсы, ал алынбаса қыз-келіншектердің келешегі уайымдатпай қоймасы анық.

Кезкелгенәлеуметтікдәрт–немқұрайлылықтан тамыр алады. «Басқа-басқа, менде ондай болмас» деген селкостық, «ұят болады» деген қатып қалған көзқарас талай адамды қорғансыз қалдырды. Біз әлі де ел сөзіне елендеп, әділеттен бұрын абыройды ойлаймыз. Ал сол абыройдың көленкесінде қаншама тағдыр тапталып жатыр. Ұяттың шекарасы адам құқығынан жоғары тұрған жерде әділдікке орын жоқ. Шеңберінен шықпаған сана – қауіпсіздік емес, қамал. Ал қамалдың ішінде өсетін жалғыз дүние – қорқыныш.

НЕГЕ ҚЫЗ КІНӘЛІ?

Мәселенің түбі – адамда емес, санамызда. Біз әлі күнге дейін «қыз кінәлі» деген ескі көзқарасты ұстанып жүрміз. «Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді» деген мәтелді естіп өстік. Бұл – ақыл емес, архаикалық шаблон. Кейінгі кезде бұл мәтелді қолданып жүргендердің көбі ерлер ғана

◀ ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Әлемдік зерттеулер бойынша, әрбір төртінші әйел (25%) және әрбір он үшінші ер адам (7-8%) кем дегенде бір рет осындай қудалауға тап болады. Сталкерлердің шамамен 83%-ы – ер адамдар, ал құрбандардың екі үшінші бөлігі – әйелдер.

Ал жұмыс орнындағы харассмент – қоғамдағы тағы бір өзекті мәселе. Соңғы зерттеулер көрсеткендей:

- Қазақстандағы әйелдердің 13%-ы жұмыс барысында секеуалдық мазмұндағы қысымға ұшыраған;
- Сауалнамаға қатысқан әйелдердің 60%-ы өмірінде кем дегенде бір рет харассменттен зәбір көргенін мойындаған;
- Мұндай шағымдардың 50%-дан астамы теріс аяқталады, яғни нәтиже бермейді. Кейінгі жылдары елімізде құқықтық қадамдар жасалды:
- 2024 жылы «Saltanat заңы» қабылданып, отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар күшейтілді;
- 2025 жылы stalking пен мәжбүрлі некелесу алғаш рет қылмыс ретінде танылды.

Десе де жаналықтардан аңғарып жүрген болсаңыз, бұл заңдар әлі де жеткіліксіз. Харассментке қатысты арнайы қатаң тетіктер толық жұмыс істемейді, ал stalkingті дәлелдеу күрделі. Бұл мәселелер заңмен ғана шешілмейді. Харассмент пен stalking – ең алдымен қоғамдық сана мен мәдениеттің көрсеткіші. Құрбандарды қорғау, олардың үнін есту, жеке кеңістікті құрметтеу – қауіпсіз әрі әділетті қоғамға бастайтын жол.

Сабыржан ҚУАНДЫҚ:

НЕГІЗГІ МІНДЕТІМІЗ – СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

ЕЛДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ – МАҚСАТЫ АЙҚЫН ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА. ЖАҒАЛЫҚҚА ҚҰШТАР, ЖАҚСЫЛЫҚҚА СЕНГІШ, ТӘУЕКЕЛ ЕТКІШ, АРМАНЫ АЛҒАУСЫЗ ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ӘРДАЙЫМ МАҢЫЗДЫ.

12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ СТУДЕНТТІК ОМБУДСМЕНІ САБЫРЖАН ҚУАНДЫҚПЕН СҰХБАТТАСЫП, АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕСТІК.



– Сабыржан Бахытжанұлы, жастар сізді көшбасшы ретінде таниды. Дегенмен өзіңіз туралы толығырақ айтып өтсеңіз.

– Өзім Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алып, жетілту оқуымды аяқтадым. Студент кезімнен бастап қоғамдық шараларға белсене қатысып, әлеуметтік маңызы бар жобаларға атсалысып келемін.

2021 жылы «Қазақстан студенттері Альянсы» республикалық студенттер қозғалысының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы қызметіне тағайындалып, өңір жастарының құқығын қорғау және қолдау бағытында бірқатар жұмыс атқардық.

– Студенттік омбудсмен ретіндегі негізгі міндетіңіз қандай?

– 2023 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен студенттік омбудсмен институты құрылды. Мен Қызылорда облысы бойынша студенттік омбудсмен ретінде тағайындалдым. Сонымен қатар «Respublica» партиясы жанындағы «Respublica Zhastary» жастар қозғалысының Қызылорда облысы бойынша төрағасымын. Қазіргі заманның талабына сәйкес жоба жоспары әзірленіп, жүзеге асырылады.

Негізгі міндетіміз – студенттердің құқықтарын қорғау, оқу орнындағы әділетсіздікке, жемқорлыққа жол бермеу, жастардың сапалы білім алуына жағдай жасау. Бұл – үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс.

– Қазіргі таңда студенттер арасында жиі кездесетін қандай мәселелер бар?

– Жастар көбіне жатақхана, стипендия мәселелерімен, оқытушы тарапынан әділетсіз баға қою немесе ауызша қысым көрсету секілді жағдайлармен жиі бетпе-бет келеді. Сондай-ақ

кей кездері буллинг, академиялық әділетсіздік сияқты жайттар орын алып жатады.

Мұндай мәселелерде біз студент пен университет басшылығы арасындағы диалогты ұйымдастырып, жағдайды ұшықтырмай шешуге тырысамыз. Қажет болған жағдайда министрлік деңгейінде де тиісті шаралар қабылданады.

– Жастарға қолдау ретінде қандай жобалар жүзеге асты?

– Жатақханада тұратын студенттердің бос уақытын тиімді өткізуі үшін «StudKvest» және «StudHouse» жобаларын жүзеге асырдық. Бұл жобалар арқылы үстел ойындарын, тренингтер мен ұжымдық шараларды ұйымдастырып, студенттер арасында достық, бірлік атмосферасын қалыптастыруды көздедік.



Сонымен қатар жаңа оқу жылы қарсаңында ЖОО-ның дайындық деңгейін тексеру мақсатында мониторинг жұмыстарын жүргіземіз және әлеуметтік желі мен мессенджерлер арқылы студенттермен 24/7 байланыста отырамын.

– Журналистика, құқық, денсаулық және экология бағытындағы жобаларыңыз туралы да айтып өтсеңіз.

– 2022-2025 жылдары «Ой – бренд» қоғамдық қорының президенті болдым. Осы кезеңде «Birgemiz» волонтерліктің 7 бағыты бойынша бірқатар волонтерлік жобалардың шағын гранттар байқауына қатысып, жеңімпаз атанып, облыс көлемінде жүзеге асырдым. Атап айтқанда, «Birgemiz: Bilim», «Birgemiz: Taza Alem», «Birgemiz: Saulyq» секілді жобалар жастар арасында үлкен қызығушылық тудырды.

Бұл жобалар арқылы волонтерлік қызметті дамытып, экологиялық сенбіліктер, қайырымдылық акциялары, білім беру

тренингтері сияқты шараларды кең көлемде жүзеге асырдық. Осындай белсенділігіміздің арқасында республикалық форумдарда түрлі марапаттарға ие болдым.

2023 жылы Алматыда студенттік кеңес өтті. Кеңесте ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қолынан алғыс хатпен марапатталдым.

– Тұлғалық даму үшін қандай жақсы әдеттерге мән бересіз?

– Жеке дамуым үшін үнемі ізденісте жүруге тырысамын. Кітап оқимын, спортпен шұғылданамын. Әрбір жаңа таныстық – жаңа мүмкіндік деп есептеймін. Сондықтан түрлі сала мамандарымен танысып, ой бөлісіп, жаңа идеяларға ашық болуға тырысамын. Күн тәртібімен жұмыс істеп, нақты жоспар құрып жүру – мен үшін маңызды әдет.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Қазіргі уақытта магистратураға түсу үшін дайындалып жүрмін. Алдағы мақсатым – мемлекеттік қызмет саласында еңбек ету. Жастармен жұмыс істеу маған шабыт береді. Олармен пікірлесіп, бағыт-бағдар беруге тырысамын.

Алайда қазіргі таңда жастар арасында жеңіл табысқа ұмтылу үрдісі белең алғаны алаңдатады. Жастар ұзақмерзімді дамуға емес, қысқа уақыттық нәтиже беретін салаларға көп қызығады. Менің ойымша, тұрақты даму мен терең білім – болашақта тұлға болып қалыптасудың негізгі жолы.

– Сұхбат үшін рәқмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА



Алты айлық қарқын



Осы жылдың алғашқы жартыжылдығында аймақта барлық негізгі салада өсім байқалды. Өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда және инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда артқан. Халық саны да өсіп, туу көрсеткіші тұрақты деңгейде сақталуда. Сонымен қатар жұмыссыздық деңгейі төмен деңгейде қалып отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Айбек Әбілдаев мәлімдеді.

– 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысы бойынша аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері айтарлықтай оң динамикада екені байқалады. Өңдеу өнеркәсібі 17,2%-ға өсіп, тамақ өнімдері мен жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің

өндірісі айтарлықтай артты. Құрылыс саласында 44,5%-ға өсу тіркеліп, пайдалануға берілген тұрғын үйлер саны да артты. Сонымен қатар негізгі капиталға салынған инвестициялар 21,5%-ға ұлғайған. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі де 2,8%-ға көбейіп,

мал шаруашылығындағы өсім де байқалады. Сауда мен көлік саласында да өсу бар, бұл өңір экономикасының әртүрлі салаларының даму қарқынының кең екенін көрсетеді. Халық саны тұрақты түрде өсіп келеді, оның ішінде қала мен ауыл тұрғындарының саны дерлік тең. Көші-қон да белсенді, облысқа келгендер мен кеткендердің саны белгілі деңгейде өзгеріп отыр.

Табиғи өсім жақсы деңгейде, 2025 жылдың алғашқы бес айында 6739 сәби дүниеге келді, бұл аймақтағы демографиялық жағдайдың тұрақтылығын дәлелдейді. Осы жылдың алғашқы алты айындағы көрсеткіштер өңірдің тұрақты дамуын айқындап отыр. Өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс саласында айтарлықтай өсім бар, бұл инвестициялар көлемінің ұлғаюымен тығыз байланысты. Ауыл шаруашылығы да тұрақты дамуда, сонымен қатар халық саны өсіп, демографиялық көрсеткіштеріміз тұрақты. Еңбек нарығында жалақы деңгейі өсіп, жұмыссыздық төмендеу үрдісінде. Бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын және болашақтағы даму мүмкіндіктерін көрсетеді. Жалпы алғанда, Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік салалары 2025 жылдың алғашқы жартысында жақсы қарқынмен дамып, өңірдің тұрақты өсімін қамтамасыз етуде, – деді Айбек Жантөреұлы.

«АЖ» ақпарат



2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛЕДІ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Қосылған құн салығының мөлшерлемесі 12%-дан 16%-ға дейін өседі. Бірақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, кітаптар мен археология саласына қатысты қызметтер бұл салықтан босатылады. Дәрі-дәрмек пен ақылды медициналық қызметтерге ҚҚС кезең кезеңімен енгізіледі. Арнайы салық режимдерінің саны жетіден үшке дейін қысқарады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Асқар Елеманов мәлімдеді.

– Жаңа Салық кодексі – салық жүйесін әділетті, ашық және заманауи талаптарға сай қалыптастыруға бағытталған маңызды құжат. Мемлекет басшысы салық саясаты тұрақты, ашық әрі қарапайым болуы қажет екенін нақты атап өтті. Осы талаптарға сәйкес, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа кодексте бірқатар маңызды өзгерістер қарастырылған. Ең алдымен, қосылған құн салығы 12 пайыздан 16 пайызға дейін ұлғаяды. Бұл – салық әкімшілендіруді күшейтіп, бюджет кірісін арттыруға бағытталған қадам.

Алайда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, кітаптар мен археология саласына қатысты қызметтер бұл салықтан босатылады. Сонымен бірге дәрі-дәрмек пен ақылды медициналық қызметтерге ҚҚС 2026 жылдан бастап 5 пайыз, 2027 жылдан бастап 10 пайыз көлемінде кезең кезеңімен енгізіледі. Бұл денсаулық сақтау саласына жүктемені бірден арттырмау үшін жасалып отыр. Табысы жоғары азаматтар үшін прогрессивті жеке табыс салығы енгізіледі. Жылдық табысы 8500 АЕК-тен асатын азаматтар 15 пайыз мөлшерлемесмен салық төлейтін болады. Бұл әділеттілік қағидатын енгізуге бағытталған. Сонымен қатар бұрынғы 7 арнайы салық режимі үшке дейін қысқартылады. Енді өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, оңайлатылған декларация қолданушылар және шаруа қожалықтарына арналған нақты әрі түсінікті режимдер қолданылады. Бұл – кәсіпкерлерге қолайлы орта қалыптастыруға жасалған қадам. Жалпы, жаңа салық кодексі салық төлеушілердің құқығын қорғауға, салық жүйесін ашық етуге және мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы сенімді серіктестік орнатуға бағытталған. Біз бұл өзгерістерді қабылдап қана қоймай, әрбір азаматқа түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргіземіз, – деді Асқар Сейдекәрімұлы.

«АЖ» ақпарат

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА «АСЫЛ МҰРА» ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерей тойына орай Абай облысында арнайы онкүндік ұйымдастырылды. Онкүндіктің алғашқы күнінде Семей қаласындағы «Бейбітшілік аралы» этноауылында «Асыл мұра» атты облыстық қол-өнер шеберлерінің фестивалі өтті.

Ұлттық қол-өнерді жаңғыртуды, өңір шеберлерінің әлеуетін танытып,

шығармашылықты қолдауды мақсат еткен шараға Абай облысының түкпір-түкпірінен қол-өнер шеберлері, кәсіпкерлер, волонтерлер мен қала тұрғындары қатысты. Ұлттық дәстүр мен қол-өнерді ұлықтаған шарада өңірдің үздік 45 қол-өнершісі өз туындыларын көпшілікке ұсынып, шеберлікпен жасалған бұйымдарын таныстырды.

Фестиваль аясында көрермендер өңірдің үздік қол-өнершілерінің туындыларын тамашалап, шебер-

лермен тікелей сұхбаттасуға мүмкіндік алды.

Шараның ашылу салтанатына Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Олжас Соғымбай қатысты.

— Қол-өнер — ұлттың жаны. «Асыл мұра» фестивалі арқылы біз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұл құндылықты қайта жаңғыртып, шеберлеріміздің еңбегін елге танытуды мақсат еттік. Сондай-ақ Абай облысының қол-өнершілері шілде айында Алматыдағы «Аламан құрақ — 2025» жобасына белсене қатысып, 30 шеберіміздің бір мезетте құрақ көрпе жайып, «GLOBAL BOOK OF RECORDS» кітабына енуге үлес қосқаны — зор мақтаныш, — деді Олжас Соғымбай.

Фестиваль аясында дәл осы «Аламан құрақ — 2025» жобасына қатысып, ел көлеміндегі рекордтық шарада өңер көрсеткен барлық 30 шеберге арнайы алғыс хаттар табысталды.

Сонымен қатар байқау жеңімпаздары келесі номинациялар

бойынша марапатталды: «Үздік ұлттық бұйым», «Көрермен көзайымы», «Жас шебер», «Абай мұрасын бейнелеген үздік туынды» және арнайы шығармашылық номинациялар. Байқау қорытындысы бойынша түрлі номинация иегерлеріне 200 мың теңгеден қаржылай сыйақы берілді. Сондай-ақ байқауға белсене қатысқан азаматтар да назардан тыс қалмай, 50 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйақымен марапатталды.

— Бұл байқау біз секілді шеберлер үшін үлкен шабыт көзі. Өз қолыңмен жасаған дүние лайықты бағасын алып жатса, ол ең үлкен марапат. Осындай алаңдар арқылы ұлттық өнерімізді танытып, жастарға үлгі бола аламыз, — деп өз әсерімен бөлісті Ақсуат ауданынан қатысқан Ардак Айтқазина.

Сондай-ақ байқауда ерекше өнерімен көзге түсіп, үздік нәтиже көрсеткен қатысушыларға Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Қарауылда өтетін ауқымды мәдени іс-шараға арнайы жолдама табысталды. Бұл — олардың еңбегі мен шығармашылығына берілген лайықты баға әрі Абай рухына арналған тағылымды жиынға қатысу мүмкіндігі.

Үшінші мәрте өткізілген фестиваль өңірде дәстүрлі өнердің дамуында ерекше орын алатынын көрсетті. Шара соңында шеберлер мен көрермен жылы лебізімен бөлісіп, алдағы уақытта мұндай шығармашылық кездесулер жиі өткізілуін тіледі.

Бұл күні сондай-ақ Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің «Ес-Аймақ» орталығында «АБАУ АCADEMIYASY» энциклопедиялық порталының ресми ашылу рәсімі өтті. Аталған шараның мақсаты — Абай мұрасын заманауи форматта жүйелеп, цифрландыру арқылы оны халықаралық деңгейде қолжетімді ету. Портал Абайдың әдеби, ғылыми және музыкалық мұрасын бір орталықта шоғырландырып, әлемнің кез келген нүктесінен ашық әрі еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Шараға ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, студенттер мен IT-мамандар қатысты. Қатысушылар порталдың жұмысымен танысып, оның мүмкіндіктері мен болашақтағы даму бағыттары жайлы пікір алмасты.

Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының баспасөз қызметі

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — БАСТЫ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінге дейін елімізде күрделі мәселе болып келе жатқаны жасырын емес. Осындай үлкен әлеуметтік қасіреттің саяси тұрғыдан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі дамушы елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатып отырғаны анық.



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЫҢ ЖОБАСЫ

Қызылордалық оқушылар ірі қалалардағы ауаның ластануына технологияның көмегімен шешім табады. Dabyl стартапы — тек инновациялық құрылғы ғана емес, бұл — болашаққа деген жауапкершіліктің белгісі.

Жобаның негізін қалаушылар — Nauanix командасы. Надира Атымтай, Гүлім Болатқызы, Дара Сақтапберген мен Аяжан Төребек барлығы да Қызылордадағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушылары. Олар Алматының әлемдегі ең ластанған қаланың бірі екенін білгенде, бұл мәселені шешуге бел буады.

Dabyl ауадағы зиянды РМ2.5 және РМ10 бөлшектерін арнайы сенсорлар арқылы өлшейді де, нәтижесін бөлме шамының түсі арқылы көрсетеді. Ең бастысы, құрылғы тек ескертіп қана қоймай, ауа сапасы нашарлағанда, кіріктірілген ауа ылғалдандырышты іске қосып, оны тазарта бастайды. Бұл жоба

қазірдің өзінде айтарлықтай жетістіктерге жетіп үлгерді. Мысалы, жас инноваторлар Түркияда өткен халықаралық «Empower Me» байқауының жеңімпазы атанды, екі қалада құрылғыны сынақтан өткізіп, алғашқы қолданушылардан оң пікір алды, «Empower Me» бағдарламасының екі айлық акселераторынан өтіп, бизнес-модельдерін жетілдірді, «Kyzylorda Hub» қолдауымен жоба әлеуметтік желілерде танымалдылыққа ие болды.

— Иә, «Empower Me» бағдарламасының аясында бизнес-модельдерді жетілдірдік. Ал бұл байқау жөнінде Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторы арқылы білдік. Финансист атанған сәтте орталық біздің жобаның танылуына, көп адамның білуіне, пиар жағынан көп көмек көрсетті, — деп пікір білдірді команда мүшелері.

Байқағанымыздай, бұл оқиға — хабтың жас таланттарды қолдаудағы маңызды рөлін айқындап тұр.

Команданың болашаққа деген жоспары зор. Олар Қазақстанның басқа қалаларына шығып, ауқымын кеңейтуді мақсат етеді. Сондай-ақ команда қазіргі таңда құрылғыға онлайн-тапсырыс беруге арналған сайт дайындауда және түрлі гранттар мен инвестициялық байқауларға қатысуды жалғастырып жатыр. Мұнан бөлек халықаралық нарыққа шығып, өз елімізде ғана емес, әлемдегі экологияны жақсартуға үлес қосқылары келетін де айтты.

Dabyl жобасы — қызылордалық жастардың технологияның көмегімен жаһандық мәселелерді шешуге қауқарлы екенінің айқын дәлелі. Бұл өңірдегі инновациялық потенциалдың жоғары екенін көрсететін жарқын үлгі. Озық технологияларды енгізіп, қоғам игілігі үшін жұмыс істеп жатқан мұндай стартаптар жергілікті экожүйенің дамуы үшін аса маңызды.

Салтанат СЕЙТЖАН,
«Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторының менеджері



ТІЛІМ, СЕН ӨЛМЕШІ!

**Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!**

Қадыр Мырза Әлі



Тілі ортақ, тарихы терең, түбі бір егемен ел – тәуелсіз мемлекет. Басқаша айтсақ, ол да бір үлкен өз алдына дербес, көрші-қолаңымен тату, ағайынымен бауырластығы үзілмейтін үлкен бір отбасы. Жалпы отбасын адам өзі тандай алмайтыны сияқты мемлекетті де бір үлкен отбасы деп санасақ, онда оның әр мүшесі бір-бірін сыйлап, қадірлеуі тиіс. Сол құрметтің қайнар көзі – ана тіліне деген сүйіспеншіліктен бастау алады. Бүгінгі тақырыпта біз ана тілінің мәнін қозғап қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік тілдің маңызын талқылап, қандай мәселе бар екенін ашып көрсетуге тырысамыз.

ЮНЕСКО-ның сараптамасы бойынша, бүгінде әлемде 7000-нан астам тіл бар, бірақ ХХІ ғасырдың соңына қарай бұл сан 3000-нан да аз болуы мүмкін деп дабыл қағып отыр. Тілдің жойылуы – бұл жай ғана қарым-қатынас құралының жоғалуы емес, бұл халықтың бірегейлігі мен тарихының жоғалып кетуіне әкеліп соқтыратын, елді елдігінен айырып, бүтіндей мемлекеттің егемендігіне нұқсан келтіретін дүние.

ЮНЕСКО-ның 2021 жылғы Дүниежүзілік тілдер есебіне сәйкес, тілдердің нақты саны өзгеруі мүмкін. Бұған бірнеше себеп бар:

- Кейбір тілдер әлі ашылмаған немесе тіркелмеген.
- Бұрын диалект саналған тілдер шын мәнінде жеке тіл болуы мүмкін (мысалы, Тайваньдағы байырғы халықтар тілдері).
- Тілдер мен халықтар үнемі өзгеріп отырады: көші-қон, апаттар, ассимиляция секілді факторлар әсер етеді.

Тілдің өлуі мүмкін бе?

Иә. Егер де бірде-бір адам белгілі бір тілді ана тілі ретінде қолданбаса, ол тіл «өлi» тілге айналады. Солардың бірі – латын тілі. Ол оқытылады, бірақ ешкім ол тілде бала кезінен сөйлемейді. Тайваньда басай және кетангалан сияқты байырғы тілдер жойылып кеткен. Тайвань тілі мен хакка да жойылу қаупінде тұр.

ЮНЕСКО тілдің жойылып кету қаупіне қарай алты деңгейге бөледі:

- Қауіпсіз – тіл барлық жаста, барлық ортада қолданылады.
- Осал – негізінен тек үй жағдайында қолданылады.
- Қауіпті – балалар өз үйінде ана тілінде сөйлеспейді.
- Аса қатты қауіп төнген – тек егде тартқан кісілер қолданады, ал ата-аналар мүлдем қолданбайды.
- Қатерлі – қолданылу аясы өте тар.
- Жойылған – ешкім сөйлемейді.

Халық саны көп болса да, егер жас ұрпақ тілді қолданбаса – ол тіл өледі. Қазірдің өзінде тайвань және қазақ тілдері 3 немесе 4 деңгейдегі қауіпке тап болып отыр. Журналист Джеймс Гриффитс «Қытайша сөйлеңіз» кітабында жазғандай, Гуандун диалектісі (кантион) кең таралғанымен, Қытай үкіметінің мандарин тіліне басымдық беруі оны да жойылу шегіне әкеліп отыр. Танымал британдық лингвист Дэвид Кристалдың айтуынша, тілдерді сақтау үшін 5 негізгі себеп бар:

- Адамзат өркениетінің тұрақтылығы тілдің әралуандығына байланысты.
- Тілдер бір-бірімен байланысып, экожүйе түзеді. Биологиялық әртүрлілік табиғатқа қалай әсер етсе, тілдік әртүрлілік те мәдени тұрақтылықты қамтамасыз етеді.
- Тіл – бұл ұлттың болмысы.

Әр халықтың ұлттық кодын жеткізуші бірден-бір құрал – қызыл тіл. Ол жоғалса,

этникалық бірегейлік пен ұрпақтар арасындағы байланыс үзіледі.

3. Тіл – тарих.

Әрбір тіл халықтың дүниетанымымен астасып, өзіне тән ұлттық кодын, ерекшелігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, тарих қойнауынан сыр шертеді. Тілі жоғалған қоғам өз тарихынан да ажырайды.

4. Тіл – білім мен даналықтың сақтаушысы.

Әр тіл – адамзаттың әлем туралы ерекше түсінігінің көрінісі. Тіл жоғалса, ізінше білім де кетеді.

Ал тілдік ахуалдың қазақ жеріндегі халі қалай?

Жалпы алғанда көпэтносты ел болуымыз, әрі заңымыз себепті біз билингвист халықпыз. Яғни, ұлтаралық қатынас тілі – қазақтың мемлекеттік тілімен қатар жүреді. Конституциямыздың 7-бабының 2 тармағында көрсетілгендей, «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады». Депутаттарымыз да екі тілге бірдей жағдай жасалуын сынға алып жатқаны рас. Екеуін де алып жүруге болады, бірақ, мемлекеттік тілдің орнына қолдану дұрыс емес, – дейді олар. Мұның барлығын түбегейлі шешуге қауқарлы азаматтар – Заң шығарушы орган ғана.

Біріншіден, біз тілімізді жай сақтап қалуға тырысып қана қоймай, оны ағылшын, қытай тілі тәрізді алпауыт, бренд тілдермен теңестіруді мақсат тұтуға тиіспіз.

Ол үшін тілге сұранысты арттыратын жағдай жасалуы ләзім. Оны үйретуде зорлыққа да жол бермей, мейлінше жаңадан қосылатын қолданушылар үшін тартымды ете түскеніміз абзал. Бұл туралы Асхат Аймағамбетов «Abaulive» арнасына берген сұхбатында айтқанын былтырдан білеміз. Депутаттың ойынша, бүгінде мемлекеттік тілді үйренемін дейтін өзге ұлт өкілдеріне көптеп жағдай жасауды, оларға қазақ тілін меңгеру барысының деңгейі жоғары болуы – маңызды. Осы тұрасында экс-министр Аймағамбетов мырзаның өте орынды пікірін ескерген жөн.

Сонымен қатар қазақ тілін мектептегі баланың санасына құйып жіберетін мұғалім жан-жақты болғаны жөн. Осы тұрғыда ұстаздық жолға енді-енді қадам басқалы жатқан жас мамандар мен студенттерге де таптырмас дүние – ютуб арнасында миллиондаған оқырмандары бар шетелдік оқытушылардың оқыту техникасын, оның ерекше әдіс-тәсілдерін меңгеру өте өзекті деп санаймын. Яғни, қазақ тілінің қолданылу аясының кеңеюі үшін керегі – менеджмент және маркетинг.

Мысал ретінде әлемге тек тілін емес, технологиясын, мәдениетін, адамның бүкіл өмірін үлгі етіп отырған Американы алып қарайық. Біріншіден, ол жаққа қоныс аударғысы келетін иммигранттарға ағылшын тілінің деңгейін тек-

серу мақсатында тестілеуден өту міндеттелген. Сондай-ақ 30 штатында ресми деп танылып, жалпы Құрама Штаттардың 80 пайыз тұрғыны ағылшынша сөйлейді. Бұған қоса, жақында ғана қосылған өзгерістерге қарағанда денсаулық сақтау, жүргізуші куәлігін алу секілді мемлекеттік қызметтерде бұл талап жұмыс істейді. «Көш жүре түзелетінін» көп айтатын халықпыз ғой. Ендеше, сол көштің басында келе жатқан дамыған мемлекеттердің ұтымды шешімдерін саралап, қажетті озық ойларын түртіп алу – ел игілігі үшін айнымас міндет, орындалуы керек мақсат.

Келесі мәселе – Солтүстікті қазақыландыру. Кешегі Жұмабек Тәшенов тәрізді тау тұлғаларың тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қақтырмай сақтап қалған теріскей төсін гүлдендіру. Менің айтпағым, Қазақстанның солтүстігіндегі ұлан-ғайыр далаға онтүстік қазақтарын жоспарлы түрде көшіру турасында. Бір кездері Астанамыздың да Ақмолаға көшірілуі маңызды шешімдердің бірі болған, дәл сол сияқты бұл да күн тәртібінен түспейтін мәселе: Солтүстікке көші-қон жұмысы.

Президентіміз көші-қонға қатысты жауапкершілігі мен адамгершілігі қатар жүктелетін бұл міндетті лайықты тұлғаларға жүктеп, оны өзі қадағалауы абзал деп санаймыз. Жыл сайын тұрғын үйлерді белгілі бір мөлшерде салып, оны тек қана осында қоныс аударушы қазақтар ала алатын құқығы болғаны дұрыс. Әсіресе кәсіпкерлердің көшіп келуіне жағдай жасау және әрбір қоныс тебуге ниет білдірушілерге шынайы мемлекеттік қолдау көрсетілуі маңызды. Бұлай деп отырғаным, бұған дейін солтүстікке онтүстіктен келушілерге біраз көмек берілетіні туралы БАҚ өкілдері жарыса жазған еді. Жуырда жұмыс бабымен Ақмоланың орталығы – Көкшетау қаласына келген едім. Бірақ, өкініштісі, әлгі ашық дереккөздердегідей тиісті мемлекеттік органдар тарапынан маған ешбір жәрдемақы төленбеді. Ал баспана мәселесінде, тіпті де, басқарын ауыртқан жоқ. Мұның барлығы кейбір жергілікті мемлекеттік органдардың ана тілін сүйетін, өз елінде кіндік қаны тамып, өз халқына кызмет еткісі келген көзі ашық жас буынға деген немқұрайлылықтың белгісі деп есептеймін.

Тілге тиеселілік тағы бір мәселе – селт еткізер «сепаратизмнің» серпіні. Жаңа айтқанымыздай, солтүстігіміздегі хал-ахуал өзге өңірлерге қарағанда мүлде басқа. Мұны тек теріскейге кемі бір келіп көрген жан ғана түсінеді. Қазақтың басым көпшілігі өзге тілді жақсы меңгерген, оған еш шүбә келтірмейміз.

Бірақ мәселе басқада. Тақырыбымыздың бас жағында қозғаған – тілдің жойылып кету мәселесінен қауіптенеміз. Себебі мұндағы бауырларымыз өз ана тілінен ажырап бара жатқандай көрінеді.

Билингвистік белең алған ортадан келген сепаристер де шығып жатыр. Солардың бірі де бірегейі – «бірегей» емес-ау, біржақты пікірге негізделген, кереғар көзқарас қалыптастырушы дегеніміз дұрыс шығар, ол – Аслан Тулегенов. Иә, кеше ғана қайта қамауға алынған «Nord Kazakh» лақап атымен белгілі бұл жігіттің YouTube парақшасы миллиондаған қаралым мен жүз мыңдаған лайк жинайды. Өкініштісі, ол өз сөзінде, барлық бейнеролигінде айтатыны бір: қазақ елінде «орыс тіліне қысым көрсетіліп жатыр» екен-мыс.

Оның әрбір бейне жазбасын мұқият қарап, зерделесеңіз, анық провокатор деп санауға болады. Бір ғана мысалға тоқтасақ, оның «О нелюдях» атты бейнежазбасында – «Кто такой нелюдь?

Нелюдь – это тот который задаваемый на вопрос на русском языке и прекрасно понимая русский язык принципиально не желает ответить вам на русском», – дейді. Мұнан бөлек, ана тілі туралы, қазақтың тарихы туралы пікірін айта бастаған журналистерге – төртінші билік өкілдеріне тіл тигізуі, тіпті, ақылға сыймайды. Тулегеновтің небәрі 2 жыл ішінде YouTube платформасында жалпы 31 миллион қаралым жинауының артында үлкен тапсырыс беруші отыр дегуге болады. Қарапайым қолданушы қанша қаласа да мұнша жазылман жинай алмайды, жинаса да 174-баппен тиісті орынға жөнелтіледі.

Блогердің бейнероликтері мемлекеттік тілдің маңызын түсіріп, өзге елдің тасасында қалдыруға ашық түрде бағытталған. Істің мән-жайын Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз қолына алмаса, кеш болуы мүмкін деп санаймыз. Блогердің тап теріскей төсінде жүріп бұндай әңгіме қозғауы, «ана тілім – этникалық емес, орыс тілі», – деп қойып, қазақтың бетке ұстар имамдарын, халық қалаулыларын, журналистерді жерден алып жерге салып, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығуы – қауіпті. Егер ол позициясын объективті деп талса, неге инстаграм парақшасында сондай белсенділік танытпайды? Неге тек жалғыз түсіреді? Бәлкім, Instagram платформасы «банға» жіберетін шығар. Әлде халықтың ықпалымен кешегі қарағандылық бойжеткен сияқты бір мезетте 174-баппен ұсталамын деп қорқа ма? Бұл мәселені де майшаммен қарап, тиісті шаралар қолданған жөн дейміз.

Біз қазақ халқы ешқашан ешкімді кемсітіп, кем көрген емеспіз. Алайда ұлттық кодымыздан айырылар жайымыз жоқ. Ал ана тіліміз – сол ұлттық кодтың алтын дінгеі. Бүгінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін біраз жұмыс та жасалуда. Сонымен бірге әлемдік тілдер де қатар дамуда. Оны жокқа шығаруға болмайды. Мәселен, Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада 6 айлық тіл курстары тегін өткізіледі. Онда көріс, жапон, қытай, француз тілдерімен қатар, қазақ тіліне арналған сыныптар бар. Жас та, жасамсыз та қатыса алатын мұндай курстар легін тек арттыра беріп, қамтылу аймағын кеңейтсе, бұл да бір өнімді іс болар еді. Бұл шешім көптеген түркі даласының тілін меңгеруге қызығатын өзге этностар мен өз тілін жетілдіруге көмектесетін таптырмас құрал.

Түйіндей келе, 7 мың тілдің ішінен қазақ тілі үздік 7 тілдің ішіне суырылып шықса, міне, сонда ғана біз өзгелерге үлгі бола аламыз. Сонда ғана мәдениетімізді, байырғы ғұрпымызды, тазалығымызды өзімізде сақтап қана қоймай әлемдік деңгейде танытатын боламыз. Капиталистік қоғамда тілімізді мойындату үшін техниканы да жетік меңгеріп, қарапайым жабдықтардан бастап, нанотехнологияларға дейін өз өндірісіміздің болуы да маңызды. Экономикасы, инфрақұрылымы дамыған ел ғана басқасымен терезесі тең. Ең бастысы, көтерілген мәселеміз, газетпен бірге архивке, сайттағы кезекті мақаламен бірге мұрағатқа кетіп қалып, естусіз, көрусіз қалмаса игі. Ал егер билікке жетіп, қажетті шаралар қабылданса, олардың еңбегін халық бере жатар. Тіліміз мәңгі жасасын!

Бейбарыс ШАЛАБАЕВ,
журналист,
Көкшетау қаласы.

Басы 1-бетте

БІЗДІҢ БАЛА...



ӨЗ ЖОЛЫН ЕРТЕ ТАПҚАН ӨРЕНДЕР

– Домбыраға қызығушылығым кішкентай кезімнен басталды. Екі жыл бұрын өз бетімше үйренуге бел будым. «YouTube» арқылы түрлі видеолар қарап, алғаш «Кеңес» деген күйді меңгердім. Оның техникасы аса қиын емес, сондықтан жаңадан бастағандарға қолайлы. Екі апта ішінде үйреніп алдым, – деді Санжар.

Жас домбырашы алғашында біраз киналғанын жасырмады. Бірақ күйдің сазына тербеліп, саусақтары пернеге еркін жүгіре бастаған сәттегі қуанышты әлі ұмытпапты.

– «Кенесті» алғаш толық тартқан сәтім – мен үшін үлкен жетістік. Сол күйден кейін «Келіншек», «Еркесылқым» сияқты туындыларды да өз бетімше үйреніп шықтым. Ал Оқушылар сарайына келген соң кәсіби ұстаздардың көмегімен «Адай», «Балбырауын», «Әлқисса» сияқты күйлерді үйрендім. Мұндағы орта өте жақсы, барлық жағдай жасалған. Ұстазымыз да сабырлы, түсіндіре біледі. Бірден тіл табысып кеттік, – дейді ол.

Санжар үшін домбыра – тек музыка аспабы ғана емес, ол – ұлттың рухы мен болмысы.

– Домбыра дегенде ең алдымен қазақ елестейді. Құрманғазы Сағырбайұлы – мен үшін үлгі тұтар тұлға. Оның күйлері мен үшін нағыз рух пен еркіндіктің үні секілді. Болашақта мен де мықты күйші болғым келеді. Ол үшін үздіксіз еңбек ету керек. Ерінбеу керек. Құр жатпай, күн сайын бір қадам алға жылжу қажет, – дейді жас өнерпаз.

Алғашқы байқауынан жүлдемен оралған ол бұл жеңістің жаңа белестерге жол ашқанын айтады.

– Байқауда жүлделі болу – үлкен шабыт береді екен. Жаңа күй үйренуге, тағы да сахнаға шығуға, өзіңді шыңдауға серпін болады. Өнер жолы, иә, ауыр, бірақ сонысымен қызық. Болашақта өзімді өнер саласында көргім келеді.

Айта кетейік, ол «Kyzylorda Fest» халықаралық өнер байқауында жоғары нәтиже көрсетіп, бас жүлде еншіледі. «Күй – қазақтың қанаты» және «Домбыра – көненің көзі, бабаның үні» сайысында үздік өнер көрсеткен. Мұнан бөлек «Tanm ART»-та өнер көрсетіп, бас жүлде иеленген.

Сұхбат соңында Санжар сөзін «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деп аяқтады.

Би – жанымның бөлшегі

Келесі оқушымыз – мың бұралған биші, жаңа жыл қарсаңында ұйымдастырылған республикалық би байқауында 1-орын, халықаралық би додасында бас жүлде иеленіп, Дубай, Түркия секілді елдерге жолдама ұтып алған, Қырымда өткен «Все звезды мира» байқауында қуыршақ биін билеп, биіктен көрінген Инабат Жұманазар. Бұл салада жүргеніне 6 жылдан асқан, ал жасы небәрі 12-де. Жас биші – Қызылордадағы «Келбет» би ансамблінің мүшесі. Қимылы ширақ, қиялы ұшқыр қыз болашағын би өнерімен байланыстырады.

– Биге алғаш анам қатыстырды. Алғашында бәрі қызық көрінсе, кейін би – өмірімнің бір бөлігіне айналып кетті. Қазір биге деген сүйіспеншілігім ерекше, – дейді Инабат.

«Келбет» би ансамблінде бүгінде жүзге жуық оқушы тәрбиеленіп жатыр. Инабат билейтін кіші топта 30-ға жуық бала бар. Олар түрлі жанрда өнер көрсетіп, халықаралық және республикалық байқаулардан жүлделі орындар иеленіп жүр.

– Көктемде бір байқаудан бас жүлде алдық. Сол сәт – менің өмірімдегі ең жарқын сәттердің бірі болды. Жалпы, біз әр биге тыңғылықты дайындаламыз. Жаңа биді толық меңгеруге кемінде бір жарым ай қажет. Әр қимыл, әр ырғақ шеберлікті талап етеді, – дейді жас биші.

Инабаттың сүйікті бағыты – заманауи би. Бұл жанрда еркіндік бар, сондықтан ол өзін толық көрсете алатынын айтады.

– Би – менің жаным жақын өнер. Қозғалыс арқылы ішкі көңіл-күйімді, эмоциямды жеткізе аламын. Кейде шаршау да болады, бірақ ондайда аздап демалып, ойымды басқа дүниеге бөлігіп келеді. Мысалы, тамақ жасағанда демаламын. Ең сүйікті тағамым – пирог.

Болашақта өз би студиямды ашып, балаларға би үйреткім келеді. Би – жай ғана қимыл емес, оны тәртіп, еңбек пен шығармашылық деп айтар едім. Сондықтан да мен бұл жолды таңдадым, – деді Инабат күлімсіреп.

Болашаққа бағдар: робот құрастыратын балалар

Бүгінгі балалар қуыршақпен немесе доппен ғана ойнамайды. Олар робот, дрон жинап, программалау тілін меңгеріп жүр. Ал жеткіншектердің арманы – технологияның тілін толық білу, ұлттың ертеңі болу. Бұл бағытта қызылордалық оқушылардың да жетістігі аз емес. Мәселен, «Robotek Grand Tournament» республикалық жарысының қалалық іріктеу кезеңінде 2-орын, «Kazrobosport 2025» республикалық жарысының облыстық іріктеу кезеңінде 1-орын иеленіп, енді темір достарын республикалық кезенге дайындап жатқан Бағдаулет Сейілхан мен Ерасыл Смағанбетов – соның дәлелі.

– Кішкентайымнан бастап бір дүниені шашып, қайта құрастырып, Лего секілді ойыншықтармен ойнағанды жақсы көретінмін. Сөйтіп жүріп, робототехникаға қызығушылықым оянып. Ойыншықтар менің болашағымға жол сілтеді десем болады, – деп сөз бастады 16 жастағы Ерасыл.

Оның бұл салаға ден қойғанына үш жылдан асқан. Осы уақыт

ішінде елуге жуық түрлі робот жасап үлгерген. Алғашқысы – қарапайым мектепшілік байқауға арналған жоба болса, соңғылары күрделене түскен. Солардың бірі – «Сумо-робот».

– Бұл – жарысқа арналған робот. Қарсыласын итеріп, шеңберден шығарып тастауы керек. Негізгі корпусы 3D принтерден күйылған, дөңгелектері силиконнан, ал астыңғы бөлігі лазермен кесілген темір плита. Ол қарсылас роботты көтеруге көмектеседі. Салмағы ауыр болғанымен, жылдам қозғалады. Шамамен 2 келіге дейінгі затты итере алады, – дейді Ерасыл.

Бұл роботты 14 жастағы Бақдәулет екеуі жетекшісі Бейбарыс Раушанбекпен бірге жасаған. Осы жобасы қалалық кезеңнен өтіп, республикалық байқауға жолдама алған. Бұдан бөлек, мотоцикл моторының жұмысын көрсететін ерекше жоба жасаған. Негізі мұндай моторлар газбен жұмыс істейді, ал балалар оны тоқпен қосудың жолын тапқан.

Бақдәулеттің де қызығушылығы бала күннен басталған.

– Теледидардан түрлі роботтарды көріп, таңғалатынмын. Әкем мен анам бұл қызығушылығымды қолдап, үйірмеге жаздырды. Бірінші жасаған роботым – қарапайым қозғалыстағы лего болды, – деп жауап берді ол.

Бүгінде Бақдәулет түрлі жарыстарға қатысып, тәжірибе жинап жүрген жас техниктердің қатарында.

– Робот жасау тек темір жинау емес, ең қиыны – бағдарламалау. Қозғалыс алгоритмін дұрыс жазбасаң, робот орнынан да қозғалмайды. Сондықтан бағдарламалау тілдерін үйреніп жүрмін. Болашақта аймен жұмыс істейтін, ғарыш кеңістігіне бағыт алатын құрылғы жасағым келеді. Ғалам мен үшін үлкен шабыт



көзі, – деді ол.
Бүгінде Оқушылар сарайында 46 маман тұрақты жұмыспен қамтылып, 30-ға жуық үйірмеге 700 бала қатысып жатыр. Жан-жақты, білімге талпынысы бар жасөспірімдердің көбеюі расымен қуантады. «Біздің бала» деп елге таныстыратын балаларымыз көп болсын!

Әлия ТӘЖІБАЙ,
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

БІР КҮНГЕ БАЛА БОЛСАҚ...

Бүгінде тіршілік бір сәтке де дамыл таппайды. Таңғы көкжиекке күн жарық шаша бастағаннан ақ, көшеде асыққан адамдардың дүбірі естіледі. Біреудің қолында – телефон, ойында – жоспар, иығында – жауапкершілік. Біз осы күнделікті дағдылы тірліктің тұтқынына айналғанымызды аңғармай да қалдық. Әр күніміз белгіленген кестемен өріліп, әр қадамымыз есеппен өлшеніп, өмір бір сарынға айналып кеткендей. Тұрмыстың тоқпағы шаршатқанда, өмірден қажып, басына небір қиындық келген кезде сол баяғы бейқам балалық шақ еске түседі. Бала кездің шат күлкісі, алаңсыз әлеміміз, қиял мен еркіндікті сағынамыз. Бір сәтке ғана соның шақыруына еріп, өзімізді бала кейпінде сезінсек қалай болар еді?

Бала болу – әлемді қайта көру. Бұлттың пішінінен қиялдағы жануарды іздеп, көшедегі қарапайым тасқа бүкіл оқиғаны сингузу. Әрбір бұтадан ертегі, әрбір тамшыдан сыр табу. Сол кезде аспан көк қана емес, ертегіге толы терең теңіздей көрінетін, ал жаңбыр тек су емес, көктің бақыттан төгілген көз жасы сияқты әсер қалдыратын. Біз ол шақта ештеңені жоспарламаймыз, ештеңеге асықпаймыз. Өмірдің әр сәті өздігінен қымбат, өздігінен мереке. Ал бұл сәттердің қандай бағалы болғанын балалық шақ біткен кезде ғана түсінеміз. Алайда қайта оралуға мүмкіндік болмайды. Осынысымен ақ балалық балдай тәтті әрі қымбат.

Бүгінгі өмірімізді ойласақ, біз уақытты емес, керісінше уақыт бізді басқаратын секілді. Қазір бәрі тез. Біз, адамдар, болмысымыздан болашаққа қарай жөнелгіміз келіп тұрады, кешеден қашамыз, бүгінді аңғармаймыз. Алайда бала болу – дәл бүгіннің, дәл осы сәттің дәмін тату. Таңғы шыққа жалаңаяқ басып көру, самал желді құшағына алу, шөптің иісін жұтып, аспанға көз тігу – осының бәрі бір күндік ғұмырды тұтас ғаламға айналдырады.

Психологтар ересектерге де ойнау керек екенін айтады. Бірақ ол ойын экранға телміріп отыру емес, жүректің аңғал қақпасын қайта ашу. Қарапайым ауладағы әткен-

шекте тербеліп көру, арықтағы суға кішкентай қайық жіберу, жазық далаға жүгіріп шығып, бұлттарды санау – бәрі де өмірді жеңілдететін ғажайып әрекеттер. Мұндай сәтте жанымыз сергіп, ойымыз тазарады. Өмірдің басты сыры, бәлкім, үлкен бола тұра кішкентай бола білуде шығар.

Адам бала күнінде әлемді бар ықыласымен көреді. Қарапайым ағаш – орман, су тамшысы – мұхит, қиядағы бұлт – қиялдағы бекініс. Біз есейген сайын бұл сұлулық көзден ғайып болады. Әр дүниені есеппен өлшейміз, әр сәтке баға береміз. Бірақ бала болып бір күн кешу – өмірге жаңа көзбен қараудың жолы.



Ол күнде дүниенің бәрі бояулы, әр дыбыс – әуен, әр иіс – естелік.

Бір күнге бала болу деген – өткеннің қақпасын ашу ғана емес, жан дүниемізді шаңнан аршып, шынайы болмысымызға қайта оралу. Біз өзімізді қайтадан табамыз, шынайы шаттықтың дәмін сеземіз. Асыққан әлемде бір сәтке тоқтап, аспанға қарап күлімдеу – өмірдің ең қарапайым әрі ең қымбат сыйы. Кейде бақыт алыста емес, алақандағы сабын көпіршігінде жасырынғанын ұғыну үшін тәжірибенің өзі жеткілікті.

Соңында адам өмірінің әр белесі өз сыйын береді. Бірақ балалық шақтың сыйы – еркіндік пен қиял. Бір күнге болсын бала бола алсақ, сол сыйды қайта қолға ұстап көреміз. Ал ол сезім адамға қанат бігіріп, өмірдің ең қарапайым сәттерінің өзінде ғажайып бар екенін еске салады. Ал сіз балалық шағыңыздағы бейқам өміріңізді сағынасыз ба, құрметті оқырман?

Нұршат НЫШАНОВА